

М.Ж. Ахмеджанова¹

*¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Тарих және құқық институтының 2 курс магистранты*

КАЮМ НАСЫРИ: АҒАРТУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ ЖАЙЫНАН

Аңдатпа

Мақалада жарияланған деректер мен материалдар негізінде 19 ғасырдың екінші жартысындағы татар ағартушылығының ірі өкілі Каюм Насыридің ағартушылық қызметі мәселесі қарастырылады. Көрнекті ағартушы қырықтан аса кітаптар мен брошюралар жариялады, ондағы мақсаты өзінің оқырмандары аасында жаңа ғылыми білімді таату және насихаттау болды. К.Насыри жаратылыстану, тарих, тіл, әдебиет, гигиена және анатомия бойынша шығармалар жариялады. К.Насыри «Поверья и обряды казанских татар, образовавшие помимо влияния на их жизнь суннитского магометанства» (1880 ж.), «Образцы народной литературы казанских татар» (1896 ж.) еңбектерін орыс тілінде жариялайды, онда татар халқының фольклоры, этнографиясы және т.б. сөз етіледі. К. Насыридің жеке тұлғаның дене және рухани дамуына арналған «Тәрбие туралы кітап» шығармасы баға жетпес еңбек болып табылады. 24 жыл бойы ағартушы жылдық күнтізбе шығарып тұрды. Автор ағартушы мұрасының татар мәдениеті үшін тарихи маңызы аса зор болды, ол халыққа мүлтіксіз қызмет етудің тамаша үлгісін көрсете білді деген тұжырым жасайды.

Тірек сөздер: ағартушылық, татар ағартушылық қозғалысы, Каюм Насыри, ағартушылық қызмет

Akhmedzhanova M.Zh.¹

*¹master of 6M011400-History, Institute of History and Law, Kazakhstan at Abai KazNPU,
Almaty, Kazakhstan*

KAYUM NASRY: FROM THE HISTORY OF EDUCATIONAL ACTIVITY

Abstract

Based on published sources and materials, the article highlights the history of the activities of the largest representative of the Tatar enlightenment of the second half of the 19th century, Kayuma Nasyri. A prominent educator has written more than forty books and brochures on various problems of science in order to disseminate and popularize the latest scientific knowledge among his readers. K. Nasyri published works on natural sciences, history, language, literature, hygiene and anatomy, etc. K. Nasyri in his works as “Beliefs and rites of the Kazan Tatars, formed in addition to the influence of Sunni Mohammedanism on their lives” (1880), “Samples of the folk literature of the Kazan Tatars” (1896) published in Russian and telling about folklore, ethnography and other features of the Tatar people. “The book on education” by K.Nasyri is devoted to the problem of the physical and spiritual development of the individual. For 24 years, K.Nasyri published the annual desktop calendar. The author comes to the conclusion that the legacy of the enlightener was of historical importance for the Tatar culture and he showed a model of selfless service to the people.

Keywords: enlightenment, Tatar educational movement, Kayum Nasyri, educational activities.

Ахмеджанова М.Ж.¹

*¹магистрант по специальности 6M011400 – История, Института Истории и права при
КазНПУ им. Абая*

КАЮМ НАСЫРИ: ИЗ ИСТОРИИ ПРОСВЕТИТЕЛЬСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

Аннотация

На основе опубликованных источников и материалов в статье освещается история деятельности крупнейшего представителя татарского просветительства второй половины 19 века Каюма Насыри. Видный просветитель написал более сорока книг и брошюр по разным проблемам науки с целью распространения и популяризации среди своих читателей новейших научных знаний. К.Насыри опубликовал произведения по естествознанию, истории, языку, литературе, гигиене и анатомии и т.д. К.Насыри в своих трудах как «Поверья и обряды казанских татар, образовавшиеся помимо влияния на их жизнь суннитского магометанства» (1880 г.), «Образцы народной литературы казанских татар» (1896 г.) опубликовал на русском языке и в которых рассказывается о фольклоре, этнографии и о других особенностях татарского народа. «Книга о воспитании» К. Насыри посвящена проблеме физического и духовного развития личности. В течение 24 лет К.Насыри издавал настольный ежегодный календарь. Автор приходит к мнению, что наследие просветителя имело историческое значение для татарской культуры и он показал образец самоотверженного служения народу.

Ключевые слова: просветительство, татарское просветительское движение, Каюм Насыри, просветительская деятельность.

Татар ағартушылық идеологиясы XIX ғасырдың екінші жартысында қалыптасты [1, с. 115]. Оның көрнекті өкілдерінің бірі Каюм Насыри (Габделкаюм Габденнасырович Насыров) болып табылады. К.Насыри XIX ғасырдың екінші жартысындағы татар ағартушысы ретінде танылды. К. Насыри (1825-1902) көрнекті ғалым-ағартушы, жазушы, педагог болатын. Молда кісінің отбасында дүниеге келіп, 1841-1845 жж. «Касимия» медресесінде білім алады. 1855-1871 жж. Қазан діни училищесінде татар тілінен, ал 1871-1876 жж. өзі ашқан орыс-татар мектебінде дәріс береді. Өзінің бүкіл өмірін ағартушылық жұмысқа арнайды, татар әдеби тілін дамытуға атсалысады. Каюм Насыри өз уақытында және қазіргі мезгілде де татар халқы үшін энциклопедист ғалым болып қала береді [2, 105-б.].

Оның алғашқы балаларға арналған еңбегі «Буш вакыт» (Бос сөз) деп аталып, 1860 жылы жарық көрді. «Фә вакиһелжә лә са фил әдәбият» еңбегі 1884 жылы баспа бетін көреді, 40 бөлімнен тұратын бұл шығармасында адамның ақыл-ойы, тәрбиесі, ғылым туралы және т.б. баяндалады. К.Насыри «Поверья и обряды казанских татар, образовавшиеся помимо влияния на их жизнь суннитского магометанства» (1880 жылы), «Образцы народной литературы казанских татар» (1896 жылы) еңбектерін орыс тілінде жариялайды, онда татарлардың фольклоры, этнографиясы және т.б. сөз етіледі.

К.Насыридің жеке тұлғаның дене және рухани дамуына арналған «Тәрбие туралы кітап» шығармасы баға жетпес еңбек болып табылады. Оның мазмұнына тәлім-тәрбие, оқу тарихы мен нақыл сөздер кірді. Сонымен бірге ағартушы татар-орыс, орыс-татар сөздіктерінің де авторы болды.

Қазан университетіндегі ғылыми мектептер мен дәстүрлер татар ағартушыларының қызығушылықтары мен көзқарастарына оң әсерін тигізді. К.Насыри және т.б. ағартушылар Қазан университетімен ынтымақтасып жұмыс істеді. XIX ғасырдың екінші жартысындағы татар ағартушылары көзқарастарының эволюциясы олардың ағартушылық бағытындағы ой-пікірлерінен айқын байқалады.

Әлем жаратылысының ғылыми түсініктерін, жетістіктерін насихаттау жолында көрнекті ағартушы К.Насыридің сіңірген еңбегі де бір төбе. Оның «Демалыста», «Геометрияның бастуы», «Гүлдер мен шөптер», «География бастауы», «Гән органдары қызметі және тазалық заңдары», күнпарақшасы және т.б. еңбектері татар халқы арасына ғылым, білім жетістіктерін таратуға, насихат етуге арналғаны белгілі. Табиғат заңдарының кейбір жақтары, атап айтқанда, судың қасиеті, оның буға, суға айналуы қасиеттері қарапайым, жеңіл тілмен арнайы дайындығы жоқ бұқара халыққа тез түсінетіндей етіп берілді. Жел, ауа, газ, қар, және тағы басқа табиғат құбылыстары жөнінде түсінікті етіп баяндалды. «Адам өмірінің негізін құрайтын төрт нәрсе бар, – деп жазады К.Насыри, бірінші және негізгісі, өмір сүру үшін адам баласы ауқаттануы қажет, онсыз тіршілік ету мүмкін емес. Екінші, киім-кешек керек, себебі, киім-кешексіз адам тағы жүре алмайды. Үшінші, әуен қажет. Жақсы дауыспен айтылған жақсы әуенді және әнді есту адамның сезу мүшелеріне жақсы әсер етеді, адамның жанына рухани нәр береді».

Адамның табиғаты мен жануарлар дүниесінде көп ұқсастықтың барын байқаған ағартушы тәрби-енің арқасында адамзат жануарлық ахуалдан шығып, ерекшеленіп, өзіндік табиғатына ие болды дей-ді. К.Насыри адамзаттың санасын және болмысын айқындағанда осы үдеріс анық байқалады. «Адам жануарлар сияқты ішеді, жейді және ұйықтайды. Ол жануардан санасы арқылы ерекшеленеді, сон-дықтан ойлай алады, оның тілі бар, сондықтан сөйлей алады», – деген К. Насыри, адам табиғатты өзі-не осы ақыл-ойы арқылы бағындырады дейді. Адамның қолы оның қаруы іспеттес, жануарлар әлемі-нен адамды осы қолдары ерекшелендіреді деп жазады К.Насыри. «Қолдары арқылы адам өзіне қажет-тіні жасап алады, қолдары, тілі, ойлау қабілеті оған табиғат сырын ашуға, жер асты байлығын табуға көмектеседі». «Адам ойының жетілуі оның өзін-өзі терең тануында» деп жазады К.Насыри [3, 34-б.].

Әлеуметтік теңсіздіктің не екенін көрсеткен татар ағартушылары еңбек адамдарының ауыр тұрмысын да суреттеп береді. Тұрмыстың ауыр да күйбең көрінісін суреттейді. Жалпы, татар ағартушылары кедей адамның жанашыры іспеттес, оған жандары ашыйды, жақтасқандай болады, сүйемелдегендей болады. Мысалы, К.Насыри кедей жанға болысып, «Кедей жан қанша батыл болса да оны жалтақ дейді, оның қарапайымдылығын әлсіздік деп ұғады, Қанша жөн сөз айтса да мылжың дейді, ал үндемей қойса, сөйлей білмейді деп сөгеді» [3, 382-б.] деп жазды.

К.Насыри сияқты ағартушылар байлықты қуып кеткендерге қарсы, ашкөздікке салынғандарға қарсы, бірақ сонымен бірге ақылменен, еңбекпенен, ынсаппенен, үнемділікпен жиналып, басы құралған молшылықтың болғанын құп көреді. Капиталистік қатынастар ене бастаған татар аулының сұрқай тіршілігі, жоқшылық қысқан деревня тұрғындары, бағаның шарықтап кеткені, жоқшылықтың жомарт жандардың қолын байлауы, байлардың қиналған қарапайым халыққа қайырымсыздығы және т.б. К.Насыридің бауырына жазған хаттарында да көрініс тапқан.

Ағартушы адал еңбекпен табылған дүниені жинап, үнемдеп, көбейте алған жандарды қолдайды. Дүниенің басын құраудың қарапайым жолын үйретеді. Мысалы, К. Насыри «Өзіңнің тапқан пайдана қарай шығын жаса, сонда бөлеге ұшырамайсың. Күнде пайдаңды жинақтап отыруға тырыс. Мәселен, бүгін он тиын таптың дейік, оның жеті-сегізін ғана жарат та, қалғанын жинап, көбейтуге тырыс, сонда кедейшілікке және жоқшылыққа жолықпайсың. Егерде он тиын тауып, он екі тиын жарататын болсаң, онда нең қалады, көп ұзамай, қайранға отырасың. Пайда таппаған күндері нан мен суға риза бол. Кім қаражатын сақтап, көбейте білсе, сол ақылды болмақ» деп, оқушыларын үнемділікке, пайданың көзін қалай адал еңбекпен табуға болатынын үйретеді. Кедей болмаудың жолы кәсіпті игеру дейді ағартушылар. Қолынан іс келмейтін енжар адам, әрине, тұрмыс, тіршілік қамын жасай алмайтыны айқын. Ағартушылар бір өнерді, я кәсіпті игеру үшін оқу-білімнің қажеттілігін алға тосады. Осы орайда К.Насыри «Бір кәсіпті меңгерсең, бай болып кетпессің, алайда құр алақан да қалмассың. Қажетінді табуға жол ашарсың. Кәсібі жоқтық – ең бір оңбаған құбылыс» [4] деп ескертеді.

Еркіндіктің адам өміріндегі ең бір қымбатты нәрсе екенін, өмірдің бостандықсыз өткені азаптың азабы екенін К. Насыри былайша байқатады: «Жібек киіп, құл болғанша, жұпыны киініп еркін жүрген артық» [5, 206-б.].

Осылайша, татар ағартушылары адам бостандығының негізі әлеуметтік-экономикалық жағдайларға байланысты екеніне терең болай алмады, дегенмен бұл мәселеге гуманизм бағытынан қарады.

1871 жылдан бастап жыл сайынғы күнтізбе шығарып тұрған К.Насыри әлем тарихының соның ішінде Шығыс тарихының барысы туралы оқырмандарына мәлімет жеткізіп тұрды. Күнтізбенің басылымын К.Насыри 24 жыл бойына үзбей жалғастырып, көпшілікке таратып отырды. Күнтізбені шығарушы К.Насыри француз ағартушылары Д.Дидро, Вольтер, Ж.Руссо сияқты ағартушылармен қатар қоюға тұрарлық тұлға [1, с. 123].

Күнтізбенің бірінші басылымында татар ағартушысы Ресей тарихына арнады. Сонымен бірге К.Насыри татар оқырмандарын Қазан хандығы тарихымен, Азия, Африка тарихымен, Түркияның тарихымен және Орта Азиядағы Хиуа хандығы сияқты мемлекеттер тарихымен таныстырып, татарлар арасына тарихи білім таратып, оларға мүмкіндігінше әлем тарихынан хабар береді. К.Насыри татар тарихына қатысты материалдарды ел ішін аралап жүріп жинаған. Жаз шыға ел аралап, көнекөз қариялардан ескі аңыз-әңгімелерді, фольклорлық шығармаларды және тағы басқаларды жазып алатын болған.

К. Насыридің жанкешті еңбегі далаға кетпеді. Ол этнографиялық сипаттағы материалдары негізінде бірнеше шығармасын жарыққа шығарады. Олардың арасында төмендегідей шығармалары болды: «Археологиялық материалдар», «Татар этнографиясы бойынша

материалдар», «Ауызша шежіре бойынша Қазан туралы тарихи жазбалар», «Қазан және оның төңірегіндегі жерлердегі оқымысты имамдар туралы».

К.Насыри тек татарлар туралы ғана емес, орыстың тарихи тұлғалары туралы да материалдар жинастырып жариялайды. Ишбулат молда, Емельян Пугачев және тағы басқалар туралы да жазды. Ағартушы мол құндылықтарды бойына жиған Шығыстың мәдени мұрасы жайында да татар оқушыларына мағлұматтар беріп отырды. Оның қаламынан «Авиценна туралы повесть» шығармасында татар қауымын ортағасырлық философ Ибн Сина мұраларымен таныстырып өтеді.

Қазан хандығы тұсындағы жазба ескерткіштердің жазуына алғаш назар салған ағартушы К.Насыри болды. Айдарлы, Бақыршы, Нурлаты сияқты ауыл маңындағы жазбаларды зерттеуге талпынады.

К.Насыри тарихты кезеңдерге бөлуге талпынды. Ағартушының пікірінше, тарих жабайылық, көшпелі өмір және отырықшы өркениет кезеңіне бөлінеді. К.Насыри мұндай тарихты кезеңге бөліп қарайтын тұжырымын «Жағырафия ұғымдары» еңбегінде жазды.

XIX ғасырдың екінші жартысында татар тілі өзге түркі тілдері сияқты араб, парсы сөздерімен шұбарланып кеткен еді. Түркі тілі деп аталған тіл ертеректе қалыптасып, соны татар тілінен көп айырмашылықтары байқалып жатты. Қасиетті Құран тілі ретінде араб тілі басымдыққа ие еді. Татар тілі қарапайым бұқараның тілі секілді жағдайды бастан кешті. Бұл тілде маңызды ғылыми шығармалар жазып, оқып білуге бола ма деген де сауалдар туындады.

Татар тілін түрлі араб-парсы сөздерінен, шұбарланудан тазартып, оны ғылым мен мәдениеттің түсінікті тіліне айналдыруда К.Насыри нағыз жанашырлық танытты. Татар тілі ғылым тілі, поэзия тілі бола алмайды, өйткені ол жетілмеген тіл дегендерге қарсылық білдірген К.Насыри тірі татар тілінде жазды. Тірі татар тілі барлығына бірдей түсінікті болды. Және де осы тілде еуропалық мәдениет жетістіктерін меңгеруге жол ашылды. К.Насыри татар әдеби тілін реформалау қажеттігін жете түсінді. Ағартушы татар тілінің мүмкіндігі зор екенін, бұл тілде өлең ұйқастарын жасауға да, ғылыми еңбек жазуға да болады деп дәлелдеуге тырысты. Татар тілін ғылыми жағынан негіздеуге өзі де белсене қатысты. Татар тілін ғылыми негіздеу XVIII ғасырдың соңында басталды. Оның бастауында С.Халфин тұрды, кейіндері И.Халфин, С.Кукляшев, А.Вагапов, Х.Фаизхановтар одан әрі жалғастырды.

К.Насыри татар тілін ғылыми жағынан зерттеуде аянбады, ол татар тілінің ұғымдарын алғашқы болып қолданды, «Татар тілінің грамматикасы» еңбегінде татар тілі түркі тілдерінің бірі екенін және татар тілінде басқа түрік тілдерімен ортақ байланыстары барын көсетіп, сонымен бірге татар тілінің өзіндік ерекшелігі де барын баса айтады. Бұл тұжырымы арқылы К.Насыри татар тілін жалпы түркі тілі деп шатасудың қателігін аңғартты. Жартығасырлық творчестволық қызметінде ағартушы татар тілінің морфологиясын, грамматикасын зерттеді, түсіндірме сөздіктер жасады, фонетикалық ерекшелігін айқындады, орфографиясын да анықтады.

Қалың татар жұртына татар тілінде түсінікті етіп жазған шығармаларында К.Насыри татар тілінің шұбарлануын болдырмауға, кез келген татар үшін түсінікті, ұғымды тіл етуге тырысты. Ғылыми ұғымдарды татар тілінде беруде ғалымдар бірқыдыру қиындықтарға жолығып отыратын. Ол үшін татар тілінде әр ғылымның терминологиясын жасау қажеттілігі туды. К. Насыри әр ғылымының терминологиясында ерекшелік барын көрсете отырып, математика, география, медицина, техника бойынша терминология жасауға үлес қосты. «Өз өмірімнің 35 жылын татар тілінің қызметіне бердім, сонша жыл азапты да бастан кештім, бірақ татармын дедім, өз ұлтымды татар ұлты деп атадым, өз тілімді де татар тілі дедім» деп еске алады шығармаларының бірінде қайсар мінезді ағартушы. Қанша қарсылыққа ұшыраса да К.Насыри бастаған ісін аяқсыз қалдырмады. Татар драматургиясының, поэзиясы мен прозасының, ғылымының тілін жасауда татар ағартушыларының үлесі еш ұмытылмақ емес. К.Насыри жасаған терминология әлі күнге қолданыстан шықпай, татар тілінің өресін өсіруге қызмет етіп келеді.

Татар тілінің, мәдениетінің орыс тілімен, мәдениетімен қандай байланыста болуы қажет деген сауалдар да татар ағартушыларын көп ойландырды. Бұл мәселеде татар қоғамы екіге жарылды. Біреулер орыс тілін отарлаушылар, миссионерлер тілі деп қабылдап, бұл тілде оқып, жазуға қарсылық танытты, ал К.Насыри секілді ағартушылар болса, орыс тілі арқылы еуропалық өркениет жетістіктерін игеруге болатынына сенді. Татар ағартушылары патша өкіметінің ұлттық-отарлаушылық саясатына қарсы болды, алайда орыс мәдениетін үйренуге, оның озық ғылымы мен білімін үйренудің қауіпсіздігін насихаттады.

Татар ағартушылары орыс және еуропалық өркениетпен жақындасудың жақтаушысы болса, кертартпа кейбір дінбасылар Еуропадан үлгі алудың қажетін жоққа шығарды, осы мәселе төңірегінде қызу айтыс жүрді [6, с.10]. Міне, осындай тартыс кезінде татар әдебиетінің негізін

салушы К.Насыри татар тілінде күнтізбелік шығарып, ғылымның әрсаласын қамтыған қаншама пайдалы мәліметтерді жария етті. Бұл татар тіліндегі дінмен байланыспайтын алғашқы кітап болатын. Күнтізбенің шығуын дінбасылар үдере қарсы алды. Алайда К.Насыри олардың қарсылығына қасқая қарсы тұрып, күнтізбенің шығуын тоқтатпай, жыл сайын бөлімдерін кеңейте түсіп, ары қарай жариялай берді. Кейіндері ғылыми-танымдық кітапшаларды, бастауыш сыныптарға арналған оқулықтарды жариялады.

К.Насыри татар халық ертегілерін, өлеңдерін, мақал-мәтелдерін, аңыз әңгімелерін жинастырып алғаш рет баспадан шығарды. Әсіресе, ағартушының татар сөздерінің сөздігін жариялауы да ардақтауға тұрарлық іс болды. Бәрінен де К. Насыридің зор еңбегі аш қалған күндерге, азапты өмірге, тағдырдың тауқыметіне шыдай жүріп, татар баспасөзін түркістандық мистикадан арылтуға және татар тілін өзге тілдердің ықпалынан тазартуға тырысуы еді [6, с.10-11].

Татар ағартушылары өнер мен оның рөлін дұрыс бағалай алды. Мұсылман дін басылары көркем мәдениеттің дамуына көп уақыт кедергі жасады, өйткені әуен, театр және бейнелеу өнері ауыр күнә деп есептеді. Бірақ бұған татар ағартушылары исламда өнерге тиым салатын ережелердің жоқ екенін айтып, қарсы тұрды. К.Насыри да музыканы математикалық пән деп есептеді, өйткені, дыбыстың ұзақтығы мен қысқалығы уақытпен өлшенетіні туралы шығыстық ілімге сүйенеді. К.Насыри әуен адамға, адам өміріне қажет маңызды нәрсе деп жазды.

Татар жұртын Ресейдің тарихының жарқын беттерімен таныстыру мақсатында К.Насыри «Ресейдің қысқаша тарихын» жазып шықты. Насыридің күнделігі арқылы талай татар азаматы орыс тарихы мен мәдениеті жайлы оқып, оның А.Невский, К.Минин мен Д.Пожарский, А.Кутузов пен А.Суворов, Е.Пугачев сияқты ұлттық батырлары, 1 Петр, секілді мемлекеттік қайраткерлері жөнінде мағлұматтар алады. Бұл татар ағартушысының орысшылдығы, я болмаса орыстануға шақырған үгіттері емес, керісінше, орыс мәдениетінің пайдасын көруге, жақсыдан үйренуге деген үндеулері іспеттес.

Кітап шығару және кітап ісі кез келген халықтың сауаттылық пен білімділіктің деңгейін көрсететіні белгілі. XIX ғасырдың бірінші жартысында төрт жүздей ғана кітап шықса, осы ғасырдың екінші жартысында татар баспасынан шыққан кітап саны үш мыңнан асып жығылды және олардың тиражы да артты. К.Насыридің кітап шығару ісіне зор белсенділік көрсетті. Жалпы алғанда, патша өкіметі тұсында татарлар түркі-мұсылман халықтары арасында кітап шығару, баспасөз жариялаудан оқ бойы озып кетті [2, с. 5].

Патша үкіметі XIX ғасырдың 70 жылдары мұсылман діни мектептерінің оқшаулануына жол бермеу мақсатында бірқатар шараларды қолға алады. Соның ішінде маңызды бір қадам – жер-жерде зайырлы орыс-татар мектептерін ашып, медресе, мектеп шәкірттеріне орыс тілін оқытуды міндеттеуі болды. Үкіметтің бұл шешімін іске асыру оңайға соқпады. Жергілікті халық та, мұсылман дін қызметкерлері де үре түрегеледі. Екінші шеті орыс тілін жүргізе алатын жергілікті халықтан шыққан кадрлар да тапшы болатын. К.Насыри Қазан қаласындағы жаңа талапқа сай жалғыз оқытушының бірі және бірегейі болды. 1871 жылы Ескітатар слободасының қақ ортасында жаңа мектепті, татар балаларына арналған зайырлы бастауыш мектепті құлшына ұйымдастырған Каюм Насыриден діндестері теріс айналды. Жерлестері, тіпті, «Орыс Каюм» атандырып жіберді. Халық ағарту министрлігінің шенеуніктері де оны жақтыра қоймады, себебі ағартушы миссионерлік қызмет атқару туралы ойдан аулақ болатын. Әйтсе де К.Насыри мектептің бар ауыртпашылығын көтере білді, бар шығынды өзінің азғантай қаражатынын өтеп, жұпыны шәкірттерінің киім-кешегі мен ауқатын да берді. Бірақ та татар училищелерінің инспекторы В.В.Радловпен келіспеушілік кесірінен қысымға ұшырап, ақыры 1876 жылы ағартушы мектептегі қызметін тастап кетеді. Содан соң тек қана шығармашылықпен айналысады. Татар балаларына қажетті шығармалар жазады. Татар тілі, педагогика, оқыту әдісі, әдебиет және тарих саласы бойынша еңбектерін жария етеді. 1871 жылдан бастаған күнтізбесін ары қарай шығара бастайды. Ғылыми ортада тез танылып, ақыры Қазан университетінің археология және этнография қоғамының бірнеше жыл бойы мүшесі болады, сонда тарихи және этнографиялық тақырыпта баяндамалар оқиды. Дегенмен ағартушы тұрмыс тапшылығын басынан көп өткереді. 1885 жылы жеке кітапханасының өртке орануы ағартушының қабырғасын қайыстырғандай болады. Бәрінен безгендей болған ағартушы бұл оқиғадан соң, туған аулына келіп, қара жұмысқа да жегіледі. Қазанға қайта оралған ағартушы өмірінің соңына дейін халқына қызмет етуден жалықпай, кедейшілікке мойымай өтеді. Халықтың қарапайым тобынан қолдау мен түсінушілік көрмесе де ағартушы кәсіби ұлттық әдебиет, театр, өнер және ғылым бастауында тұрған Ғ.Тоқай, Ғ.Әмірхан және т.б. жас татар зиялыларының іліпатына бөленеді.

К.Насыридің тәрбие және оқыту мәселесіне арналған еңбектері төмендегілер еді:

- «Тәрбия кітабы» (Тәрбие кітабы);
- «Балаларға тәғлим бермәк» (Балаларға тағлым беру);
- «Әхлак рисаләсе» (Этика бойынша трактат);
- «Тәрбия» (Тәрбие);
- «Бала тәрбия кылучы хатыннарға нәсихәт» (Бала тәрбиелеуші әйелдерге насихат);
- «Мугайнетдин» (Мугайнетдин);
- «Мәжмуга» (Үлгі) және т.б.

К.Насыри орыс оқу орындарында жұмыс істеген шағында татар мектептері мен медреселерінің өмір талабы мен прогресстен көш кейін қалғанына көзі жетеді [7, с. 84]. Шәкірттердің тәрбиесі мәселесіне қатысты өз ойларын ортаға салады. Адамның сыртқы дүниесі мен ішкі дүниесінің байланысы жайын қозғайды. Ағартушының пікірінше, адам баласының өсіп-жетілуі үшін тамақ, ұйқы, таза ауа, таза су, дене жаттығулары, тазалық пен денсаулықты сақтау қажет. Адамға қажетті осы нәрселердің алатын орны туралы көпшілікті таныстыру мақсатында кітапшалар да шығарып таратады. Тәрбие адамның дене бітімінің өсуіне ғана тірелмейді, ол сонымен бірге баланың мінез-құлқының іс-әрекеттерінің, адами қалпының қалыптасуымен де байланысты дейді.

Ағартушы адамның физикалық және рухани өсуі қажет деп санайды. Адам ақыл-ойының өсуі, есте сақтау қабілеті, сыртқы дүниені тануы, өзін-өзі тануы – бәрі де тәрбиемен келеді деп есептейді. Адамның жануардан айырмашылығы тәрбие-тәлім алуында, қабылдауында дегенді аңғартады. Адами қасиеттерді дарыту үшін жас баланы тәрбиелеудің маңыздылығын айтады. К.Насыри ойынша, нағыз адамгершілік жақсы қасиеттерді дарытумен келеді, жақсыдан үйреніп, жаманнан жиренгенде дариды, тәрбие адам бойына іскерлікті, жалқаулықтан қашуды, жақсы мен жаманды айыруға бағытталуы тиіс. Еңбек пен кәсіпке баулу тәрбиенің өзегі деп көрсетеді ағартушы. Тәрбие отбасынан басталатынын да айтып өтеді. Көрнекті қылып көрсету үшін өмірден мысал да келтіреді. Балаңыз қолына пышақ алып, өзіне ойыншық жасап алайын десе, үйді шашасың деп тыйым саласыздар дейді ата-аналарға қарата, балалар осылайша қолөнерге талпынады, ал сіздер оны ұға қоймайсыздар дейді [3, 79-б.]. Мұғалім адам алдымен өзі тәрбиелі болуы шарт, тәрбиесіз ұстаз шәкіртіне не өнеге-үлгі бермек дейді ағартушы. Ата-аналар да тәрбиеге баланың жауапты екенін түсінуі тиіс деп көрсетеді ағартушы, әсіресе баланың анасы баланы күтіп-бағуда, әдеттерін қалыптастыруда үлкен рөл атқарады, аналарға баланы бағып-қағуда қажетті кеңестер береді. К.Насыри «Бала тәрбия кылучы хатыннарға нәсихәт» (Бала тәрбиелеуші әйелдерге насихат) атты еңбегінде бала тәрбиесіне қатысты аналарға келелі кеңестер береді. Сөйтіп, К.Насыри балалар тәрбие көргенде ғана адами қасиеттерге ие болатынына назар аудартады.

Қорыта айтқанда, татар ағартушысы Каюм Насыри мұрасының татар мәдениеті үшін тарихи маңызы аса зор болды. Ол халыққа мүлтіксіз қызмет етудің тамаша үлгісін көрсете білді. Каюм Насыридің ағартушылық қызметі татар ғылымы мен әдебиетінің одан ары дамуына зор үлес қосты және де мәдениеттердің жақындасуына бағытталды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 *Очерки истории татарской общественной мысли / Науч. ред. Р.М. Амирханов. – Казань: Татар. кн. изд-во, 2000. – 191 с.*
- 2 *Каримуллин А. Татарское государственное издательство и татарская книга России (1917-1932). – Казань: Татар. кн. издательство, 1999. – 320 с.*
- 3 *Насыри К. Сайланма әсэрләр. – Казан, 1953.*
- 4 *Каюм Насыриның мәжмугасы. – Казан, 1922.*
- 5 *Гайнуллин М. Х. Татар әдәбияты. XIX йөз : Югары уку йортлары өчен. – Казан: Таткитнәшир, 1957. – 690 б.*
- 6 *Думава Н. Пробуждение русских татар и их литература. – Казань: «Иман», 1999. -17 с.*
- 7 *Хакимов Х.Х. Создатели первых татарских светских школ // Выдающийся просветитель-демократ Каюм Насыри. – Казань: Казанский филиал АН СССР, 1976. – С. 185-188.*

List of references:

- 1 *essays on the history of the Tatar Public thought / Science. Ed. "I Don't Know," He Said. - Kazan: Tatar. KN. izd-Vo, 2000. - 191 P.*

- 2 Karimullin A. *Tatarsky state publishing house and the Tatar book of Russia (1917-1932)*. - Kazan: Tatar. KN.. publishing house, 1999-320 P.
- 3 Nasyiri K. *electd asarlar*. - October, 1953.
- 4 *the majmuga of Kayum Nasirin*. - Kazan, 1922.
- 5 Gainullin M. H. *Tatar customs. XIX yez: Yugar Uku yortlar uçen*. Kazan: Tatkitnashr, 1957. - 690 P.
- 6 Dumavi N. *The passage of Russian Tatars and their literature*. - Kazan: "Iman", 1999. -17 P.
- 7 Khakimov H. H. *creators of the first Tatar schools of light // Emancipator-Democrat Kayum Nasyri*. - Kazan: Kazan branch of The an USSR, 1976. - pp. 185-188.